

## **ҚОСЫМША 2 ДАУЛАРДЫҢ ШЕШЛУГІН РЕТТЕЙТІН ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ УАҒДАЛАСТЫҚ**

Келісім.

**ЗҚАИ ескертпесі!**

Келісім Қазақстан Республикасы 12.10.2015 ж. № 356 "1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Заңының қабылдануына байланысты орналастырылды.

Осымен мүшелер келесі туралы уағдаласады:

### **1-БАП**

#### **Қолдану және әрекет аясы**

1. Осы Уағдаластықтың ережелері мен шаралары осы Уағдаластыққа Қосымша 1-де атап өтілген, Келісімдердің дауларын реттеу туралы және кеңес беру туралы ережелердің негізінде қарауға берілетін дауларға қолданылады (осы Уағдаластықта "қамтылған келісімдер" деп аталады). Осы Уағдаластықтың ережелері мен шаралары, сондай-ақ, мүшелер арасында, осы Уағдаластық және Дүниежүзілік сауда ұйымы мекемесі (осы Уағдаластықта "ДСҰ туралы келісім" деп аталады) туралы жеке немесе қамтылған кез келген келісімнен бірігіп алынған, Келісімнің ережелеріне сәйкес өзінің құқықтары мен міндеттеріне қатысты кеңеске және реттеуге қолданылады.

2. Осы Уағдаластықтың ережелері мен шаралары осы Уағдаластыққа Қосымша 2-де келтірілген, қамтылған келісімдерді және дауларды реттеуге қатысты қосымша немесе арнайы ережелер мен шараларды есепке ала отырып қолданылады. Осы Уағдаластықта айқындалған ережелер мен шаралар арасында айырмашылығы бар шектерде, және Қосымша 2-де көрсетілген қосымша немесе арнайы ережелер мен шаралармен, Қосымша 2-де көрсетілген қосымша немесе арнайы ережелер мен шаралардың басым күші бар. Егер де, қамтылған келісімдердің біреуінен көбірек ережелер мен шараларды қамтитын дауларда осындай қарастырылатын келісімдердің арнайы немесе қосымша ережелер мен шаралар арасында қақтығыстық пайда болса, және даудың тараптары аралық топтың құрылу күнінен 20 күн ішінде ережелер және шаралар туралы келісе алмаса, онда 2 баптың 1 тармағында қарастырылған дауларды шешу бойынша Органның (осы Уағдаластықта "ДШО" деп аталады) төрағасы, дау тараптарымен кеңесе отырып, ДСҰ-ның сол немесе басқа да мүшесінің сұранысынан кейін 10 күннің ішінде ұстануға қажетті ережелер мен шараларды анықтайды. Төраға арнайы немесе қосымша ережелер мен шараларды мүмкін болған жағдайда қолдануға тиіс қағиданы

ұстанады, ал осы Уағдаластықта айқындалған ережелер мен шараларды қақтығыстықтардан бас тарту қажет шектерде қолдануға абзал.

## **2-БАП**

### **Уағдаластықты қолдану тетігі**

1. Осы ережелер мен шараларды қолдану мақсатында, және де қамтылған келісімдерде, қамтылған келісімдердің дауларына кеңес беру және реттеу туралы басқа да ережелер болмаған кезде осымен дауларды шешу бойынша Орган құрылады. Сәйкесінше, ДШО-ның аралық топты құруға, аралық топтың және Апелляциялық органның баяндамаларын қабылдауға, шешімнің және ұсынымдардың орындалуын бақылауға және қамтылған келісімдерден туындайтын шегінулерді және басқа міндеттемелердің тоқтатылуына рұқсат етуге уәкілеттілігі бар. Қатысушылардың шектелген шеңбері бар сауда келісімі болып табылатын, қамтылған келісімнің шеңберінде пайда болатын дауларға қатысты, осы Уағдаластықта қолданылатындай " мүше" аталымы қатысушылардың шектелген шеңбері бар тиісті сауда келісімінің тараптары болып табылатын мүшелерге ғана қатысты. ДШО-ның қатысушылардың шектелген шеңбері бар тиісті сауда келісінде айқындалған дауларды реттеу туралы жағдайлар қолданылған жағдайда, осы келісімнің тараптары болып табылатын мүшелері ғана шешімдерді немесе осы дауға қатысты ДШО-ның қолданатын шараларын қабылдау үдерісіне қатыса алады.

2. ДШО тиісті қамтылған келісімдердің жағдайларына қатысты дауларды қарау барысында тиісті Кеңестерді және ДСҰ хабардар етеді.

3. ДШО осы Уағдаластықпен қарастырылған мерзімнің шеңберінде өзінің функцияларын орындау үшін қажеттілік бойынша өзінің отырыстарын өткізеді.

4. Осы Уағдаластықпен қарастырылған ережелер мен шаралар ДШО-ның шешім қабылдауы тиіс екенін қарастырған жағдайда, ол консенсус негізінде қабылданады.

## **3-БАП**

### **Жалпы ережелер**

1. Мүшелер 1947 ж. ГАТТ-тың XXII және XXIII баптарына сәйкес осы уақытқа дейін қолданылған дауларды реттеу қағидаларын, және де осы Уағдаластықта дамыған және өзгертілген түрінде ережелер мен шараларды сақтаудағы өзінің дайындықтарын растайды.

2. ДСҰ-ның дауларын реттеу жүйесі көпжақты сауда жүйесінің қауіпсіздігін және болжамдылығын қамтамасыз ететін орталық элемент болып табылады. Мүшелер дауларды реттеу жүйесінің мақсатының қамтылған келісімдер бойынша мүшелердің құқықтары мен міндеттерін қорғау және халықаралық жария құқығын талқылаудың

кәдімгі ережелеріне сәйкес осы келісімдердің қолданыстағы жағдайларына қатысты анықтылық енгізу екендігін растайды. ДШО-ның ұсынымдары мен шешімдері қамтылған келісімдермен қарастырылған құқықтар мен міндеттерді ұлғайта немесе азайта алмайды.

3. Мүше өзі үшін қамтылған келісімдерден тікелей немесе жанама пайда болатын жағдайларды кідірсіз реттеулер, ДСҰ-ның тиімді әрекет етуі және мүшелердің құқықтары мен міндеттерінің арасында тиісті балансты сақтау үшін қажетті, басқа мүшемен қабылданған шаралардың нәтижесінде қысқарады.

4. ДШО-мен қабылданатын ұсынымдар мен шешімдер осы Уағдаластықтан және қамтылған келісімнен шығатын құқықтар мен міндеттерге сәйкес осы сұрақтар бойынша жеткілікті реттеуге қол жеткізуге бағытталуы тиіс.

5. Төрелік шешімдерді қоса алғанда, қамтылған келісімдердің дауларын реттеу және кеңестер туралы жағдайлар негізінде ресми қойылған сұрақтар бойынша барлық шешімдер осы келісімдермен үйлесімді болуы тиіс және осы келісімнен кез келген мүше үшін шығатын пайданы қысқартуға немесе жоюға тиіс емес, немесе осы келісімнің қандай да мақсатына қол жеткізуге бөгет болмауы тиіс.

6. Өзара келісім бойынша, қамтылған келісімнің дауларын реттеу және кеңестер туралы жағдайлардың негізінде ресми қойылған сұрақтар бойынша қабылданған шешімдер туралы ДШО және осыған қатысты кез келген сұрақты арттыра алатын тиісті Кеңестер және Комитеттер хабарланады.

7. Істі қозғамастан бұрын, мүше, осы шаралар негізінде әрекеттер жемісті болуы туралы өзінің бағасын жүзеге асырады. Дауларды реттеу тітігінің мақсаты болып даудың позитивті шешімдері табылады. Дау тараптары үшін өзара тиімді және қамтылған келісімімен үйлесімді шешімдер артығырақ болып табылады. Өзара тиімді шешім болмаған жағдайда, дауларды реттеу тетігінің бірінші мақсаты, қандай да бір қамтылған келісімдердің жағдайларымен үйлесімді емес екендігі анықталса, қабылданған шараларды бұзуды қамтамасыз етуде құралады. Өтемақы туралы жағдайды қолдануға, егер де қабылданған шараны тез жою мүмкін болмаса, және қамтылған келісіммен үйлесімді емес шараны жойғанға дейін уақытша негізде ғана. Осы Уағдаластық мүшеге ұсынатын, дауларды реттеу шарасына жүгінетін, соңғы мүмкіндік, бұл, егер де ДШО осындай шараларға рұқсат еткен жағдайда, басқа мүшеге қатысы бойынша кемсітушілік негізінде қамтылған келісім бойынша басқа міндеттемелерді немесе шегіну әрекеттерін тоқтату.

<sup>1</sup>Егер ДШО отырысына қатысушы ешбір мүше шешім қабылдау барысында ресми түрде ұсынылған шешімге қарсы келмесе, оған қарауға берілген дауды ДШО консенсус негізінде шешім қабылдады деп есептеледі.

8. Қамтылған келісім негізінде қабылданған міндеттемелердің бұзылған жағдайында, қозғалатын іс *prima facie* болып есептелінеді, яғни жою немесе қысқарту

туралы іс. Бұл қамтылған келісімнің тараптары болып табылатын басқа мүшелер үшін жағымсыз салдарды тартатын ережелердің бұзылуының презумпциясы болатындығын білдіреді, және осындай жағдайларда шағым берілген мүше айыпты жоққа шығаруы тиіс.

9. Осы Уағдаластықтың жағдайы мүшелерге ДСҰ туралы Келісімнің немесе қатысушылардың шектеулі шеңбері бар сауда келісімі болып табылатын қамтылған келісімнің шешімдерін қабылдау тетігін қолдана отырып қамтылған келісімнің жағдайларының беделді талқылауын іздеуінде залал келтірмейді.

10. Келісімді шаралар және дауларды реттеу шараларын қолдану туралы өтініштерінің даулы әрекеттер ретінде қарастырылмауы және түсіндірілмеуі тиіс, егер де дау пайда болса, онда барлық мүшелер дауды шешу мақсатымен осы шараларға адал жүгінуі тиіс. Әр түрлі дауларға қатысты шағымдар және қарсы шағымдар бірікпеуі тиіс деп түсіндіріледі.

11. Осы Уағдаластық ДСҰ туралы Келісім күшіне енген күнге немесе одан кейін қамтылған келісім кеңестері туралы жағдайдың негізінде кеңес жүргізуге жаңа сұраныстарға қатысты қолданылады. Қамтылған келісіммен өткен 1947 ж. ГАТТ немесе кез келген басқа келісім негізінде кеңестер туралы өтініші бойынша дауларға қатысты ДСҰ туралы Келісім күшіне енген күнге дейін ұсынылады, ДСҰ2 туралы Келісім күшіне енген күннің алдында тікелей әрекет еткен дауларды реттеу бойынша тиісті ережелер және шаралар қолданылады.

12. 11 тармаққа қарамастан, егер де қамтылған келісімдердің біреуінің негізінде дамушы ел-мүше дамыған ел-мүшеге шағым берсе, онда шағым берген тарап, осы Уағдаластықтың 4, 5, 6 және 12 баптарының жағдайларының орынына, осы Шешімнің 7 тармағымен қарастырылған мерзімді аралық топ оның баяндамасын әзірлеу үшін жеткіліксіз болап табылады деп таныған жағдайдан бөлек, 5 сәуір 1966 ж. (BISD 14S/18 ) Шешімнің тиісті жағдайларына сілтемелеуі мүмкін, және шағым берген тараптың келісімімен бұл мерзім ұзартылуы мүмкін. 4, 5, 6 және 12 баптарында баяндалған ережелер мен шаралар арасында айырмашылықтары бар шектерде, және аталған Шешімнің тиісті ережелері мен шараларына сәйкес, соңғысының басым күші бар.

## **4-БАП**

### **Кеңес**

1. Мүшелер, өздерімен қолданылатын, кеңестерді өткізудің тиімді шараларын жоғарылату және күшейту туралы хабарлайды.

2. Әр мүше басқа мүше берген бірінші мүшенің аймағында қабылданған қамтылған келісімнің жұмыс істеуін қозғайтын шаралар жайындағы кез келген өтінішке түсіністікпен қарауы және осы көрсетілім бойынша кеңеске сәйкесінше мүмкіндіктермен қамтамасыз етуі міндетті.

3. Егер де кеңестер туралы өтініш қамтылған келісімнің жағдайына негізделсе, онда шағым жіберілген мүше, басқа өзара уағдаластық болмаған жағдайда, оны алған күннен бастап 10 күннің ішінде оған жауап береді және өзара қанағаттандырылатын шешімге келу мақсатымен өтінішті алу күнінен 30 күннен кешіктірмей өз еркі бойынша кеңес бере бастайды. Егер өтінішті алған күннен 10 күннің ішінде мүше жауап бермесе немесе өтінішті алған күннен 30 күннің ішінде немесе жалпы келісіммен бекітілген мерзімде кеңесті бастамаса, онда кеңес беру туралы өтініш мүше тез арада аралық топтың құрылуын талап ете алады.

<sup>2</sup>Бұл тармақ аралық топтың баяндамасы қабалданбаған жағдайда немесе толықтай орындалмаған жағдайдағы даулар жайында да қолданылады.

<sup>3</sup> Егер де, қамтылған келісімдердің аумақтық немесе жергілікті үкіметпен немесе мүшенің аумағындағы билікпен қабылданған кез келген жағдайы осы тармақтың жағдайынан айырмашылығы болса, онда қамтылған келісімнің кеңестері басым күшке ие.

4. Кеңес өткізу туралы сұраған мүше осындай өтініштері туралы ДШО-ны және тиісті Кеңестерді және Комитетті хабардар етеді. Кеңес беру туралы кез келген өтініш жазбаша түрде және қолданылатын шараларға және шағымның заң негіздерін көрсете отырып, себептерін сипаттай отырып ұсынылады.

5. Қамтылған келісімдердің жағдайларына сәйкес өткізілетін кеңестердің барысында, осы Уағдаластықтың негізінде одан арғы қадамдарды қабылдауға дейін, мүшелерге сұрақтарды қолайлы реттеу үшін жігерін салуы тиіс.

6. Кеңестер құпия сипатта және кез келген одан арғы талқылау кезінде кез келген мүшенің құқықтарына залал тигізбейді.

7. Егер де кеңестер, кеңестер туралы өтініштерді алу күнінен 60 күннің ішінде дауларды реттеумен аяқталмаса, шағымды берген тарап аралық топтың құрылуы туралы сұрауы мүмкін. Шағым берген тарап, аталған 60 күндік мерзім ішінде аралық топтың құрылуын сұрауы мүмкін, егер де кеңеске қатысқан тараптар, кеңестің нәтижесінде дауды реттеу мүмкін болмады деп бірге есептесе.

8. Жедел жағдайларда, тез бұзылатын тауарлар туралы айтылған жағдайларды қоса алғанда, мүшелер кеңестер туралы өтініштерді алған күннен 10 күннен кешіктірмей кеңестерді бастайды. Егер де кеңестер, аталған өтінішті алған күннен 20 күннің ішінде дауды реттеумен аяқталмаса, онда шағым берген тарап аралық топтың құрылуын талап етуі мүмкін.

9. Жедел жағдайларда, тез бұзылатын тауарлар туралы айтылған жағдайларды қоса алғанда, даудың тараптары, аралық топтар және Апелляциялық орган талқылауды тездету үшін барынша ынтасын салады.

10. Кеңес барысында мүшелерге дамушы ел-мүшелердің нақты мүдделеріне және мәселелеріне ерекше назар аударған жөн.

11. Кеңестерге қатысатын мүшелер санына кірмейтін қандай да бір мүше әр кезде 1994 ж. ГАТТ XXII бабының 1 тармағының, ГАТС XXII бабының 1 тармағының немесе басқа қамтылған келісімдердің<sup>4</sup> тиісті жағдайларының негізінде өткізілетін кеңестерге маңызды сауда мүддесі бар деп есептейді, ол аталған мүшелерді, және де ДШО-ны аталған бапқа сәйкес, кеңестер туралы өтініштерді үлестіру күнінен кейін 10 күннің ішінде, өзінің кеңестерге қосылу ынтасы туралы хабардар ете алады. Аталған мүше, кеңестер туралы өтініш жіберілген мүше мүддесінің негізделгендігі туралы растаумен келіскен жағдайда, кеңестерге қатысуға жіберіледі. Бұл жағдайда олар бұл туралы ДШО-ға хабарлайды. Егер де кеңестерге қатысу туралы өтінішінен бас тартса, онда арыз беруші-мүше 1994 ж. ГАТТ XXIII бабының 1 тармағының немесе XXII бабының 1 тармағының, ГАТС XXIII бабының 1 тармағының немесе XXII бабының 1 тармағының немесе басқа қамтылған келісімдердің тиісті жағдайларының негіздеріне сәйкес кеңесті өткізуді талап етуге құқылы.

<sup>4</sup>Қамтылған келісімдердегі тиісті кеңес ережелері төменде аталып өтілген:

Ауыл шаруашылығы бойынша келісім, бап 19; Санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану бойынша келісім, бап 11 тармақ 1; Текстильді бұйым және киім бойынша келісім, бап 8 тармақ 4; Саудада техникалық барьерлер бойынша келісім, бап 14 тармақ 1, Инвестициялық шаралардың сауда аспектілері жайында келісім, бап 8; VI ГАТТ 1994 бабын қолдану бойынша келісім, бап 17, тармақ 2; VI ГАТТ 1994 бабын қолдану бойынша келісім, бап 19, тармақ 2; Алдын ала жөнелту инспекциясы жайында келісім, бап 7; Шығарылған елін айқындау туралы келісім, бап 7; Импортты лицензиялау рәсімдері жөніндегі келісім, бап 6; Субсидия және өтемақылар бойынша келісімдер, бап 30; Қорғау шаралары жөніндегі келісім, бап 14; Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері туралы келісім, бап 64.1; және Келісімнің күзиретті органдары арқылы анықталған және ДШО-ға хабарланған Қатысушылардың саны шектеулі келісімдердегі әрбір тиісті кеңес ережелері.

## **5-БАП**

### **Мейірімді қызметтер, келісімді шаралар және делдалдық**

1. Мейірімді қызметтер, келісімді шаралар және делдалдық, егер де тараптар ол туралы келіссе ерікті түрде қолданылатын шаралар болып табылады.

2. Мейірімді қызметтер, келісімді шаралар және делдалдықты қолданумен қараулар, негізінен осы қараулар барысында сонымен айналысатын, дау тараптарының ұстанымы құпия болып табылады және осы шаралар негізінде одан арғы қараулар кезінде тараптардың құқықтарына залал келтірмейді.

3. Мейірімді қызметтер, келісімді шаралар және делдалдық даудың кез келген тарапымен кез келген уақытта сұрата алады. Олар кез келген уақытта басталып, аяқтала

алады. Мейірімді қызмет шарасы, келісімді шара немесе делдалдық шарасы тоқтатылса, шағым берген тарап аралық топты құру туралы өтінішпен жүгінуі мүмкін.

4. Дау тараптары кеңестер туралы өтінішті алған күннен 60 күннің шегінде мейірімді қызметтер, келісімді шаралар және делдалдыққа жүгінгенде, шағымды берген тарап, аралық топтың құрылуы туралы сұрамастан бұрын, кеңестер туралы өтініштерді алу күнінен есептелінетін 60 күндік мерзімнің өтуін күтуі тиіс. Шағымды берген тарап, егер де дау тараптары мейірімді қызметтер, келісімді шаралар және делдалдық дауды реттеуге алып келе алмады деп бірге есептесе, аталған 60 күндік мерзім ішінде аралық топтың құрылуы туралы талап ете алады.

5. Егер де даудың тараптары ол туралы келіссе, мейірімді қызметтер, келісімді шаралар немесе делдалдық, аралық топта талқылау басталған кезде жалғасуы мүмкін.

6. Бас директор ex officio әрекет ете, дауды реттеуде мүшелерге ықпал ету мақсатымен мейірімді қызметтер, келісімді шаралар немесе делдалдықты ұсына алады.

## **6-БАП**

### **Аралық топтың құрылуы**

1. Егер де, шағымды берген тарап ол туралы сұраса, онда аралық топ, ең кеші ДШО отырысында құрылады, егер де аталған ДШО отырысында консенсус негізінде аралық топты<sup>5</sup> құрмау туралы шешпесе, осы өтініш ДШО күн тәртібіне қосылған.

2. Аралық топты құру туралы өтініш жазбаша түрде жіберіледі. Онда кеңестер жүргізілгендігі, даулы мәселе бойынша нақты шаралар қабылданғандығы және мәселені нақты көру үшін жеткілікті шағымның құқықтық негізінің қысқаша баяндамасы көрсетіледі. Егер де, арыз беруші кәдімгіден ерекшеленетін уәкілеттігі бар аралық топтың құрылуы туралы сұраса, онда жазбаша өтініш арнайы уәкілеттіліктер туралы ұсынылатын мәтінді құрайды.

## **7-БАП**

### **Аралық топтың құзырлығы**

1. Аралық топтың келесі уәкілеттіліктері бар, егер де, дау тараптары аралық топтың құрылу күнінен 20 күннің ішінде басқаша келіспесе:

"Тиісті жағдайлар кезінде (дау тараптары деп аталған (дардың) қамтылған келісімнің (дердің) атауы) (дау тарапының атауы) ДШО-ға құжатында қарауға берілген мәселелерді қарау, және ДШО-ға ұсынымдарды тұжырымдауға немесе осы келісімде (дерде) қарастырылғандай, шешім қабылдауға көмектесетін нәтижелер шығару".

<sup>5</sup> Егер шағым берген тарап осы жайлы сұраса, ол жайлы қалай болғанда да 10 күн алдын ала хабарлама жіберу шартымен, ДШО отырысы осы мақсатта өтініш берілгеннен кейін 15 күннің ішінде шақырылады.

2. Аралық топтар қамтылған келісімдердің тиісті жағдайларына немесе дау тараптары деп аталған келісімдерге жүгінеді.

3. Аралық топты құра отырып, ДШО өзінің төрағасын 1 тармақтың жағдайларын сақтаған жағдайда, дау тараптарымен кеңес барысында аралық топтың құзырлығын анықтай алады. Осылайша анықталған құзырлықтар туралы барлық мүшелер хабардар етіледі. Егер де қабылданған уәкілдік қалыптыдан ерекшелінсе, онда кез келген мүше осы мәселе бойынша ДШО-ның алдында кез келген сұрақты қоя алады.

## **8-БАП**

### **Аралық топтың құрамы**

1. Аралық топтар жоғары білікті үкіметтік және\немесе үкіметтік емес мамандардан қалыптасады, аралық топтың құрамына кірген немесе оның алдында істі қарастырған тұлғаларды қоса алғанда, мүшенің өкілі немесе 1947 ж. ГАТТ келісуші тарапы болды, кез келген қамтылған келісімнің немесе оған ұқсас келісімдердің Кеңесінің немесе Комитеттің өкілдерімен, немесе халықаралық сауда құқығынан немесе сауда саясатынан дәріс бергендер немесе осы салада басылымдары барлар, немесе қандай да бір мүшенің сауда саясаты мәселелері бойынша жоғары лауазымды тұлғалар ретінде борышын атқарғандар.

2. Аралық топтың мүшелері мүшелердің тәуелсіздігін, жеткілікті жан жақты білікті даярлықты және кең спектрлі практикалық тәжірибені қамтамасыз ететіндей тағайындалады.

3. Дау тараптары немесе үшінші тарап болып табылатын мүшелердің, үкіметтің<sup>6</sup> азаматтары, 10 баптың 2 тармағында анықталғандай, осы дау бойынша, егер де дау тараптары басқаша келіспесе, аралық топтың құрамына кірмеуі керек.

4. Аралық топтың мүшелеріне көмектесу үшін, Хатшылық, 1 тармақта көрсетілген біліктілігі бар үкіметтік және үкіметтік емес тұлғалардың индикативтік тізімін жүргізеді, қажет болған жағдайда, олардан аралық топтың мүшелері тағайындала алады. Бұл тізімге 30 қараша 1984 ж. (BISD 31S/9) құрылған тәуелсіз сарапшылар тізімі, және кез келген қамтылған келісімдердің негізінде құрылған басқа тізімдер және индикативті тізімдер кіреді. Тізім, сондай-ақ, ДСҰ туралы Келісім күшіне енген сәтке осы тізімдерде және индикативті тізімдерде ұсынылған тұлғалардың аттарын құрайды. Мүшелер, нақты секторларда халықаралық сауда саласында олардың білімі туралы немесе қамтылған келісімдерге қатысты мәселелер бойынша қажетті ақпаратты ұсына отырып, арасында тізімге енгіздіру үшін үкіметтік және үкіметтік емес мамандардың аттарын ұсына алады; бұл аттар ДШО-мен оларды мақұлдағаннан кейін тізімге қосымша қосылады. Тізімге енгізілген әр тұлғаға қатысты, осы тұлғалардың секторларда немесе қамтылған келісімдерге қатысты мәселелер бойынша құзыретінің нақты саласы көрсетіледі.



5. Аралық топтар үш мүшеден тұрады, егер де аралық топтың құрылу күнінен 10 күннің ішінде дау тараптары бес мүшенің құрамындағы аралық топтың қалыптасуы туралы келісімге қол жеткізбесе. Мүшелер аралық топтың құрамы туралы тез арада хабардар етіледі.

6. Хатшылық дау тараптарына аралық топтың мүшелері ретінде таңдау үшін тұлғалардың кандидатураларын ұсынады. Дау тараптары бұл кандидатураларға қарсы келмейді, тек мәжбүрлі жағдай болмаса.

7. Егер де аралық топтың дербес құрамы туралы келісімге аралық топты құрған күннен 20 күннің ішінде қол жеткізілмесе, Бас директор, кез келген тараптың өтініші бойынша, ДШО төрағасымен және тиісті Кеңестің немесе Комитеттің төрағасымен кеңесе отырып, және дау тараптарымен кеңестен кейін аралық топтың құрамын, оның мүшелерін тағайындау арқылы, анықтаса, Бас директор қамтылған келісімнің немесе қамтылған келісімдердің арнайы немесе қосымша ережелері немесе шараларына сәйкес дау құралына қатысты деп таниды. ДШО төрағасы, онымен осындай өтінішті алу күнінен 10 күннен кешіктірмей, аталған жағдаймен қалыптасқан аралық топтың құрамы туралы мүшелерді хабардар етеді.

<sup>6</sup>Дау тараптары кедендік одақтар немесе ортақ нарықтар болған жағдайда, бұл ереже барлық кедендік одақтарға немесе ортақ нарықтарға мүше елдердің азаматтарына қолданылады.

8. Мүшелер өзінің лауазымды тұлғаларына аралық топтың құрамына кіруге рұқсат етеді.

9. Аралық топтың мүшелері үкіметтің немесе ұйымның өкілдері ретінде емес, жеке тұлға ретінде қатысады. Осыған орай, мүшелер оларға нұсқаулар бермеуі керек немесе аралық топпен қарастырылатын мәселелерге қатысты оларға ықпал жасауға ұмтылады.

10. Дамушы тарап-мүшемен және дамыған тарап-мүшенің арасында дау болған жағдайда, аралық топ, егер де дамушы тарап-мүше ол туралы сұраса, кем дегенде дамушы тарап-мүшеден аралық топтың бір мүшесін қосады.

11. Аралық топтың шығындары, жол және тұру шығындарын қоса алғанда, бюджет, қаржы және әкімшілік мәселелері бойынша Комитеттің ұсынымдары негізінде Бас кеңеспен орнатылатын нормаларға сәйкес ДСҰ бюджетінен жабылады.

## **9-БАП**

### **Бірнеше тараппен шағымдар берген жағдайда қолданылатын шаралар**

1. Егер де екі немесе одан да көп мүше бір мәселе бойынша аралық топтың құрылуын талап етсе, бір аралық топ құрылуы мүмкін. Мүмкін болған жағдайда, мұндай шағымдарды қарау үшін бір аралық топ құрылуы тиіс.

2. Бір аралық топ ДШО-ға өзінің тұжырымдарын ұсынады және оқуды ұйымдастырады, ол тараптардың құқығына залал келтірмеуі тиіс. Егер де дау

тараптарының біреуі ол туралы сұраса, аралық топ осы дау бойынша бөлек баяндамаларды ұсынады. Шағым берген әр тараптың жазбаша арыздары шағым берген басқа тараптарға ұсынылады, және шағым берген әр тараптар басқа тарап аралық топқа өзінің пікірін айтқан кезде қатыса алады.

3. Егер де бір мәселе бойынша шағымдарды қарау үшін бірден көп аралық топ құрылса, онда аралық топтың сол бір мүшелері, мүмкіндігі бойынша, осы аралық топтың жұмысына қатысады, және осы дауды қарастыратын аралық топтардың жұмыс кестесі жасалады.

## **10-БАП**

### **Үшінші тараптар**

1. Аралық топтарда қарау барысында дау тараптарының және басқа мүшелердің мүдделері дау пәніне қатысты қамтылған келісімнің шеңберінде толық қарастырылады.

2. Аралық топпен қарастырылатын мәселе бойынша мүдделі, және сол мүддесі туралы ДШО-ны (одан әрі осы Уағдаластықта "үшінші тарап" деп аталады) хабардар еткен кез келген тұлғаның аралық топтың алдында шығуға және оған жазбаша арыздарды ұсынуға мүмкіндігі бар. Бұл арыздар дау тараптарына беріледі және аралық топтың баяндамасында айқындалады.

3. Үшінші тараптар аралық топтың бірінші отырысында дау тараптарының арызын алады.

4. Егер де, үшінші тарап аралық топтың қарау пәні болып табылатын шара пайданы жояды немесе қысқартады деп есептесе, онда ол мүше осы Уағдаластықтың негізінде дауды реттеудің кәдімгі шараларына жүгіне алады. Мұндай дау, мүмкіндігі бойынша, бастапқы аралық топқа беріледі.

## **11-БАП**

### **Аралық топтың қызметтері**

Аралық топтың функциялары ДШО-ға осы Уағдаластықтың және қамтылған келісімнің негізінде өзінің міндеттемелерін орындауда қарастырылады. Тиісінше, аралық топқа оның алдына қойылған мәселені нақты қараған жөн, соның ішінде істердің нақты жағдайына объективті баға беру, тиісті қамтылған келісімдерді және олардың сәйкестілігі кіреді және қамтылған уағдаластықта қарастырылғандай ДШО-на ұсыным беруге және шешім қабылдауға көмектесетін қорытындыларды жасаған жөн. Аралық топтарға дау тараптарымен тұрақты кеңес алуға және өзара қанағаттандыратын шешімдерді шығару үшін мүмкіндіктерді ұсынған жөн.

## **12-БАП**

## **Аралық топтың жұмысының шарасы**

1. Аралық топтар Қосымша 3 айқындалған жұмыс шарасын қолданады, тек егер де даудың тараптарымен кеңестен кейін аралық топ басқа шешім қабылдамаса.

2. Аралық топтың жұмысының шарасы аралық топтың баяндамасының жоғарғы сапасын қамтамасыз ету үшін икемді болуы тиіс, бірақ топтың жұмысын негізсіз ұстауға жол бермеу.

3. Дау тараптарымен кеңестен кейін, аралық топтың мүшелері осы топтың жұмыс кестесін тиісті жағдайларда 4 баптың 9 тармағының жағдайларын есепке ала отырып анықтайды.

4. Аралық топтың жұмыс кестесін анықтау кезінде, топ дау тараптарына олардың арыздарын әзірлеу үшін жеткілікті мерзімді ұсынады.

5. Аралық топ тараптардың жазбаша арыздарын беру үшін шекті мерзімдерін анықтауы тиіс, және тараптар осы мерзімдерді сақтау керек.

6. Даудың әр тарабы өзінің жазбаша арыздарын Хатшылыққа, аралық топқа және даудың басқа тараптарына тез арада ұсыну үшін ұсынылады. Шағым берген тарап, өзінің бірінші арызын жауап беруші тараптың бірінші арызынан бұрын ұсынады, егер де 3 тармақта аталған кестені анықтай отырып, және дау тараптарымен кеңестен кейін аралық топ тараптар арыздарын бір уақытта берсін деп шешпесе. Одан кейінгі жазбаша арыздар бір уақытта ұсынылады.

7. Дау тараптары өзара қанағаттандыру шешімі туралы келісе алмаған жағдайда, аралық топ ДШО-ға жазбаша баяндама түріндегі өзінің тұжырымдарын айқындайды. Мұндай жағдайларда, аралық топтың баяндамаларында іс бойынша нақты жағдайлар орнатылады. Дау тараптарының арасында реттеуге қол жеткізу жағдайында, аралық топтың баяндамасы істің қысқаша сипатымен және шешімге қол жеткізгендікпен шектеледі.

8. Шараның тиімділігін жоғарылату үшін аралық топ қарастыратын істі қарастыратын мерзім, топты құру күнінен бастап және нақты баяндама дау тараптарына жіберіледі. Жедел жағдайларда, тез бұзылатын тауарлар туралы сөз болғанда да, аралық топ өзінің баяндамасын дау тараптарына үш айдың ішінде ұсынуға ұмтылады.

9. Егер де, Аралық топ алты айдың ішінде баяндаманы ұсына аламын деп есептесе ( немесе үш айдың ішінде – жедел жағдайларда), ол жазбаша түрде ДШО-ны ол туралы хабардар етеді және өзінің баяндамасын қандай мерзімде ұсынатынын көрсетеді. Аралық топты құру кезеңінен мүшелерге баяндаманы тарату кезеңіне дейінгі аралық алты айдан аспауы тиіс.

10. Дамушы ел-мүшемен қабылданған шараларға қатысты кеңестер шеңберінде, елдер 4 баптың 7 және 8 тармақтарында көрсетілген мерзімдерді ұзарту туралы келісе алады. Егер де, аталған мерзім өткен жағдайда, кеңестерге қатысатын мүшелер,

кеңестер аяқталғандығы туралы келісе алмайды, ДШО төрағасы кеңестен кейін тараптармен тиісті кезеңді ұзарту туралы, және егер ұзартса, қандай мерзімге екендігін шешеді. Және де, дамушы ел-мүшеге қарсы шағымды қарастыра отырып, Аралық топ дамушы ел-мүшеге оның дәлелін әзірлеу және ұсыну үшін жеткілікті мерзім ұсынады. 21 баптың 4 тармағының және 20 баптың 1 тармағының жағдайлары ешқандай әрекеттерге қатысты емес.

11. Бір немесе бірнеше тарап дамушы ел-тарап болып табылса, аралық топтың баяндамасында дауды реттеу бойынша шаралардың барысында дамушы ел-мүшелер сілтеме еткен, қамтылған келісімдердің қатысушылары болып табылатын дамушы ел-мүше үшін жағымды және сараланған қалып туралы тиісті жағдайлар қалай есептелгені нақты көрсетіледі.

12. Аралық топ, шағым берген тараптың өтініші бойынша кез келген уақытта 12 айдан аспайтын мерзімге өзінің жұмысын тоқтата алады. Осындай тоқтату жағдайында, осы баптың 8 және 9 тармақтарында, 21 баптың 4 тармағында және 20 баптың 1 тармағында көрсетілген мерзімдер жұмыс тоқтатылған уақыт кезеңіне ұзартылады. Егер де аралық топтың жұмысы 12 айдан асатын мерзімге тоқтатылған болса, аралық топты құруға уәкілеттілік күшін жояды.

## **13-БАП**

### **Ақпаратты сұрау құқығы**

1. Әр аралық топ, өзі лайықты деп тапқан кез келген тұлғадан немесе органнан техникалық кеңестерді және ақпаратты сұрауға құқылы. Алайда, аралық топ мұндай ақпаратты немесе кеңестерді қандай да бір мүшенің юрисдикциясындағы кез келген тұлғадан немесе органнан сұрағанға дейін, ол сол мүшенің билігін ол туралы хабардар етеді. Мүше аралық топ қажетті және тиісті деп есептеген мұндай ақпарат туралы сұранысына жауап береді. Ұсынылатын құпия ақпарат, оны ұсынатын тұлғаның, органның немесе билік мүшесінің ресми рұқсатынсыз ашылмауы тиіс.

2. Аралық топтар кез келген қолайлы қайнар көзден ақпаратты сұрауы мүмкін және істің кейбір аспектілері бойынша олардың пікірін алу үшін сарапшылармен кеңесуі мүмкін. Даудың тарапымен қозғалған ғылыми немесе қандай да бір техникалық мәселеге қатысты аралық топ сарапшылардың кеңесші топтарынан жазбаша түрдегі баяндаманы сұрай алады. Мұндай топтың құрылу тәртібі және оның жұмысының шарасы Қосымша 4 айқындалған.

## **14-БАП**

### **Құпиялылық**

1. Аралық топта талқылаулар құпия болып табылады.

2. Аралық топтардың баяндамалары алынған ақпараттар және жасалған арыздар тұрғысында дау тараптарының қатысуынсыз құралады

3. Аралық топтың баяндамасында осы топтың жеке мүшелерімен айқындалған пікірлер жасырын болып табылады.

## **15-БАП**

### **Алдын ала қарау кезеңі**

1. Жоққа шығару мақсатымен ұсынылған арыздарды және ауызша дәлелдерді қарағаннан кейін аралық топ дау тараптарына баяндаманың жоспарының сипатталатын (фактілерді және дәлелдерді құрайтын) бөлімдерін жібереді. Аралық топпен бекітілген мерзім аяқталғанда, тараптар жазбаша түрде өзінің ескертулерін ұсынады.

2. Дау тараптарынан ескертулерді алу үшін бекітілген мерзім аяқталу бойынша, аралық топ тараптарға алдын ала баяндаманы жібереді, сипатты бөлімдерін, және де өзінің тұжырымдары мен қорытындыларын қоса алғанда. Аралық топпен бекітілген мерзім аяқталғанда, тарап аралық топқа мүшелер арасында нақты баяндаманы таратуға дейін алдын ала баяндаманың нақты аспектілерін қарау туралы жазбаша өтінішімен жүгінуі мүмкін. Тараптың өтініші бойынша, аралық топ жазбаша ескертулерде белгіленген мәселелер бойынша тараптармен қосымша кездесулерді өткізеді. Егер де тараптардан ешқандай да ескертулер келіп түспесе, осыған берілген мерзім ішінде, алдын ала баяндама аралық топтың нақты баяндамасы ретінде қарастырылады және мүшелер арасында дереу таратылады.

3. Аралық топтың нақты баяндамасының тұжырымдары алдын ала қарау сатысындағы айтылған дәлелдерді талқылауды қосады. Алдын ала қарау 12 баптың 8 тармағында көрсетілген мерзімнің ішінде жүргізіледі.

## **16-БАП**

### **Аралық топтың баяндамаларын қабылдау**

1. Мүшелерге аралық топтың баяндамаларын қарау үшін жеткілікті уақыт ұсыну үшін, бұл баяндамалар, мүшелер арасында таратылғаннан кейін 20 күн аяқталғанға дейін, ДШО-мен қабылдау мақсатында талқыланбайды.

2. Аралық топтың баяндамасы жөнінде қарсылықтары бар мүшелер, аралық топтың баяндамасы қаралатын, ДШО-ның отырысына дейін кем дегенде 10 күн бұрын өздерінің қарсылықтарын түсіндіретін себептердің жазбаша айқындалуын үлестіру үшін ұсынады.

3. Даудың тараптары ДШО-да аралық топтың баяндамасын қарауда толық қатысуға құқылы, және олардың пікірі толығымен бекітілуі керек.

4. Аралық топтың баяндамасын мүшелер арасында тарату күнінен 60 күннің ішінде баяндама ДШО отырысында қабылданады<sup>7</sup>, егер де даудың қандай да бір тарапы ДШО-ны апелляция беру туралы өзінің шешімі туралы ресми түрде ескертпесе, немесе егер де ДШО бәтуаластық негізінде баяндаманы қабылдамауды шешпесе. Егер де тарап апелляция беру туралы өзінің шешімін хабардар етсе, аралық топтың баяндамасы ДШО-мен апелляция шарасын аяқтауға дейін қабылдау мақсатымен қарастырылмайды. Қабылдау шарасы аралық топтың баяндамасында өздерінің пікірлерін айқындауға мүшелердің құқығына зиян келтірмейді.

## **17-БАП**

### **Апелляцияларды қарау**

#### **Тұрақты Апелляциялық орган**

1. Тұрақты Апелляциялық органды ДШО құрады. Апелляциялық орган төрелік топтар қарастырған істер бойынша апелляцияларды қарайды. Ол жеті адамнан тұрады, олардың үшеуі кез келген бір іс бойынша өз функцияларын атқарады. Апелляциялық органға кіретін тұлғалар өз функцияларын ауысу тәртібімен атқарады. Мұндай ауысу Апелляциялық органның жұмыс рәсімімен белгіленеді.

2. ДШО тұлғаларды Апелляциялық органның функцияларын атқаруға төрт жыл мерзімге тағайындайды, және әр тұлға тағы бір мерзімге қайта тағайындала алады. Алайда ДСҰ туралы Келісім күшіне енгеннен кейін бірден тағайындалған жеті адамның ішінен жеребе бойынша анықталған үш адамның өкілеттіктерінің мерзімі екі жылдан кейін аяқталады. Бос қызмет орындары пайда болуына қарай толтырылады. Өкілеттік мерзімі аяқталған тұлғаның орнына тағайындалған тұлға бұл өкілеттіктерді өзінен бұрын жұмыс істеген адамның пайдаланбаған мерзімі ішінде атқарады.

3. Апелляциялық орган Келісімнің қамтитын саласына енетін құқық, халықаралық сауда салаларында және жалпы мәселелерде өзінің құзіреттілігін дәлелдеген, мойындалған абырой-беделі бар адамдардан құралады. Олар ешқандай да үкіметпен байланысты болмауы тиіс. Апелляциялық органның құрамы ДСҰ-ның мүшелік құрамын кеңінен ашып көрсетуі тиіс. Апелляциялық органның функцияларын атқаратын адамдардың барлығы хабарланғаннан кейін бірден кез келген уақытта өз міндеттерін атқаруға дайын болуы және дауларды реттеу жөніндегі қызметтен және ДСҰ-ның басқа тиісті қызметінен хабардар болуы тиіс. Олар мүдделер қақтығысына тікелей немесе жанама әкеп соқтыруы ықтимал ешқандай дауларды қарауға қатыспауы тиіс.

4. Төрелік топтың баяндамасына үшінші тараптар емес, тек дау тараптары ғана шағым келтіре алады. 10 баптың 2 тармағына сәйкес қаралатын істегі маңызды мүдде туралы ДШО-ға хабарлаған үшінші тараптар жазбаша мәлімдемелер жасай алады және оларға Апелляциялық органда тыңдау мүмкіндігі берілуі тиіс.

5. Ортақ қағида секілді апелляцияны қараудың ұзақтығы Апелляциялық органның баяндамасы таратылатын күнге дейін даудың қандай да бір тарапы өзінің шағымдану шешімі туралы ресми хабарлағанда 60 күннен аспайды. Жұмыс кестесін белгілей отырып, Апелляциялық орган тиісті жағдайларда 4 баптың 9 тармағының ережелерін ескереді. Егер де Апелляциялық орган 60 күннің ішінде өзі баяндаманы табыстай алмайды деп есептесе, ол ДШО-ға кешіктіру себептері, сондай-ақ өз баяндамасын ұсынатын болжалды мерзім туралы жазбаша түрде хабарлайды. Ешбір жағдайда апелляцияны қарау 90 күннен астам уақытқа созылмауы тиіс.

<sup>7</sup>Егер ДШО-ның отырысы осы кезең ішінде 16 баптың 1 және 4 тармақтарының талаптарын орындау уақытында жоспарланбаса, онда ДШО осы мақсатта отырыс өткізеді.

6. Апелляция төрелік топтың баяндамасында белгіленген құқықтық мәселелермен және төрелік топ берген заң түсініктемесімен шектеледі.

7. Қажет болған жағдайда Апелляциялық органға тиісті әкімшілік және заң тұрғысынан қолдау көрсетіледі.

8. Жол жүру және тұру шығындарын қосқанда Апелляциялық органның функциясын орындайтын тұлғалардың шығындары Бюджет, қаржы және әкімшілік мәселелері жөніндегі Комитеттің ұсынымдары негізінде Бас Кеңес белгілеген нормаларға сәйкес ДСҰ бюджетінен өтеледі.

Апелляцияны қарау рәсімі

9. Жұмыс рәсімін ДШО төрағасы мен Бас директордың консультативтік қатысуымен Апелляциялық орган әзірлейді және мүшелердің назарына жеткізіледі.

10. Апелляциялық органдағы талқылау құпия болып табылады. Апелляциялық органның баяндамасы дау тараптарының қатысуынсыз табысталған ақпарат пен жасалған мәлімделерге сүйеніп, әзірленеді.

11. Апелляциялық органның баяндамасында осы орган жұмысына қатысушылардың айтқан пікірлері бүркемелі болып табылады.

12. Апелляциялық орган апелляцияны талқылау кезінде 6 тармаққа сәйкес көтерілген мәселелердің әрқайсысын қарайды.

13. Апелляциялық орган төрелік топтың құқықтық тұжырымдары мен қорытындыларын растай, өзгерте немесе күшін жоя алады.

Апелляциялық органның баяндамасын қабылдау

14. Апелляциялық органның баяндамасын ДШО қабылдайды және, егер тек ДШО келісім негізінде Апелляциялық органның баяндамасын мүшелер арасында таратылғаннан кейін 30 күннің ішінде қабылдау туралы шешім етпесе, дау тараптары сөзсіз мойындайды<sup>8</sup>. Қабылдау рәсімі мүшелердің Апелляциялық органның баяндамасында өз пікірлерін ашып көрсету құқығына нұқсан келтірмейді.

## **Төрелік топпен немесе Апелляциялық органмен байланыс**

1. Төрелік топтың немесе Апелляциялық органның қарайтын мәселелері бойынша төрелік топпен немесе Апелляциялық органмен ex parte байланысы болмауы тиіс.

2. Төрелік топқа немесе Апелляциялық органға жазбаша түрде табысталған өтініштер құпия ретінде қаралуы, бірақ дау тараптарына қолжетімді болуы тиіс. Осы Уағдаластықта дау тарапына жалпы көпшіліктің білуі үшін өзінің жеке айқындамасын ашып көрсетуге ешнәрсе кедергі болмайды. Мүшелер басқа мүшенің төрелік топқа немесе Апелляциялық органға құпия деп белгілеп табыстаған ақпаратын құпия ретінде қарайды. Кез келген дау тарапы кез келген мүшенің өтініші бойынша жалпы көпшіліктің білуі үшін ашып көрсетіле алатын жазбаша өтініштерде қамтылатын құпия түйіндемені де табыстайды.

## **19-БАП**

### **Төрелік топтың және Апелляциялық органның ұсынымдары**

1. Егер төрелік топ немесе Апелляциялық орган қандай да бір шара қамтылған келісімге сәйкес келмейді деген тұжырымға келсе, олар мүдделі мүшеге<sup>9</sup> бұл шараны осы келісімге сәйкестікке келтіруді ұсынады<sup>10</sup>. Өз ұсынымдарына толықтыру ретінде төрелік топ немесе Апелляциялық орган мүдделі мүшеге ұсынымдарды орындау тәсілдерін ұсына алады.

2. 3 баптың 2 тармағына сәйкес төрелік топ пен Апелляциялық орган өз тұжырымдары мен ұсынымдарында қамтылған келісімдерде көзделген құқықтар мен міндеттемелерді кеңейте немесе тарылта алмайды.

8Егер ДШО отырысы бұл кезеңде көзделмесе, онда ДШО осы мақсатта отырыс өткізеді.

9 Төрелік топтың немесе Апелляциялық органның ұсынымдары жолданатын дау тарапы

## **20-БАП**

### **ДШО-ның шешімдер қабылдау мерзімі**

Егер де дау тараптарымен өзге келісілмесе, онда ДШО төрелік тобын құру күні мен ДШО-ның төрелік топтың немесе Апелляциялық органның баяндамасын оны қабылдау мақсатында қарау күні аралығындағы кезең әдетте егер де төрелік топтың баяндамасына шағым келтірілмесе, тоғыз айдан аспауы немесе егер баяндамаға шағым келтірілсе, 12 айдан аспауы тиіс. Төрелік топ, не болмаса Апелляциялық орган өз



баяндамасын ұсыну мерзімін ұзарту мақсатында 12 баптың 9 тармағына немесе 17 баптың 5 тармағына сәйкес әрекет еткен жағдайларда жоғарыда көрсетілген мерзімдерге қосымша уақыт қосылады.

## **21-БАП**

### **Ұсынымдар мен шешімдердің орындалуын бақылау**

1. ДШО ұсынымдары мен шешімдерін тез орындау барлық мүшелердің мүддесіне дауларды тиімді реттеуді қамтамасыз ету үшін қажет болып табылады.

2. Дауды реттеу тақырыбы болған шараларға қатысты мүше – дамушы елдердің мүдделерін қозғайтын мәселелерге айрықша көңіл бөлген жөн.

3. Төрелік топтың немесе Апелляциялық органның баяндамасы қабылданған күннен бастап 30 күн<sup>11</sup> ішінде өткізілген ДШО отырысында мүдделі мүше ДШО-ға ДШО ұсынымдары мен шешімдерін орындауға қатысты өз ниеттері туралы хабарлайды. Егер де ұсынымдар мен шешімдерде тез арада ескеру мүлдем мүмкін болмаған жағдайда онда мүдделі мүше мұны істеу үшін өзінде қисынды уақыт мерзімі болуы тиіс. Қисынды уақыт мерзімі дегеніміз:

(а) егер мұндай кезеңді ДШО мақұлдаса; немесе мұндай мақұлдау болмағанда мүдделі мүше ұсынған уақыт кезеңі,

(б) ұсынымдар мен шешімдер қабылданған күннен бастап 45 күн ішінде; немесе мұндай келісім болмаған кезде дау тараптары өзара келіскен уақыт кезеңі,

(с) ұсынымдар мен шешімдер қабылданған күннен бастап 90 күн ішінде міндеттеуші төрелік жолымен анықталған кезең<sup>12</sup>. Мұндай төрелікте төреші<sup>13</sup> төрелік топтың немесе Апелляциялық органның ұсынымдарын орындауға арналған қисынды уақыт мерзімі төрелік топтың немесе Апелляциялық органның баяндамасы қабылданған күннен бастап 15 айдан аспауы тиіс деген қағидатқа сүйенуі тиіс. Алайды бұл кезең нақты мән-жайларға қарай қысқа немесе ұзақ болуы мүмкін.

4. Төрелік топ немесе Апелляциялық орган 12 баптың 9 тармағына немесе 17 баптың 5 тармағына сәйкес өз баяндамасын табыстау мерзімін ұзартқан жағдайларды қоспағанда ДШО төрелік тобының құрылған күнінен бастап қисынды уақыт мерзімін анықтағанға дейінгі кезең егер де дау тараптары өзгеге келіспесе, 15 айдан аспауы тиіс. Төрелік топ, не болмаса Апелляциялық орган баяндаманы табыстау мерзімін ұзарту туралы мәселе қойған жағдайда 15 айлық мерзімге қосымша мерзім қосылады; бұл ретте, егер дау тарапы ерекше мән-жайлардың бар-жоғы туралы келіспесе, жалпы мерзім 18 айдан аспауы тиіс.

<sup>10</sup>ГАТТ 1994 немесе кез келген басқа қамтылған келісімге қатысты ережелерді бұзуға байланысты емес жағдайларда ұсынымдарға қатысты 26 баптан қараңыз.

<sup>11</sup>Егер ДШО отырысы бұл кезеңде көзделмесе, онда ДШО осы мақсатта отырыс өткізеді.

<sup>12</sup>Егер де тараптар істі төрелік сотқа өткізгеннен кейін 10 күн ішінде төрелік туралы келісе алмаса, Бас директор тараптармен кеңескеннен кейін 10 күн ішінде төрешіні тағайындайды.

<sup>13</sup> "Төреші" термині тұлғаны немесе адамдар тобын білдіреді.

5. Егер де ұсынымдар мен шешімдерді орындау мақсатында қабылданған келісімімен қамтылған шаралардың болуына немесе салыстырмалылығына қатысты пікірлерде алшақтықтар болса, мұндай дау мүмкіндігінше бастапқы төрелік топты пайдалануды қоса алғанда, дауларды шешудің осы рәсімдерін пайдалану жолымен шешіледі. Төрелік топ өзін осы істі табыстаған күннен бастап 90 күн ішінде өз баяндамасын таратады. Егер де төрелік топ өз баяндамасын осы мерзімде табыстай алмайды деп есептесе, ол ДШО-ға өз баяндамасын кешіктіру себептері мен оны табыстаудың болжалды мерзімі туралы жазбаша түрде хабарлайды.

6. ДШО қабылданған ұсынымдар мен шешімдердің орындалуын бақылайды. Ұсынымдар мен шешімдерді орындау туралы мәселені олар қабылданғаннан кейін ДШО-да кез келген мүше кез келген уақытта көтере алады. Егер тек ДШО ғана өзгеше шешім етпесе, ұсынымдарды немесе шешімдерді орындау туралы мәселе 3 тармаққа сәйкес қисынды уақыт кезеңін анықтаған күннен бастап алты айдан кейін ДШО отырысының күн тәртібіне енгізіледі және аталған мәселені шешкенге дейін ДШО-ның күн тәртібінде қалады. Осындай отырысқа дейін ең әрі дегенде 10 күн бұрын мүдделі мүше ДШО-ға ұсынымдардың немесе шешімдердің орындалу барысы туралы жазбаша түрде формалды баяндама табыстайды.

7. Егер де мәселені мүше – дамушы ел көтерсе, ДШО осы мән-жайларда тиісті түрде болатын, қолға алатын әрі қарайғы қандай әрекеттер болатыны туралы мәселені қарайды.

8. Егер істі мүше – дамушы ел қозғаса, онда қандай тиісті әрекеттер қолға алынуы мүмкін деген мәселені қарай отырып, ДШО шағым тақырыбы болып отырған шараларды қозғайтын тек сауда-саттықты ғана емес, сонымен қатар осы шаралардың мүдделі мүше – дамушы елдің экономикасына әсерін де ескереді.

## **22-БАП**

### **Өтемақы және шегінімдерді тоқтата тұру**

1. Өтемақы және шегінімдерді немесе басқа да міндеттемелерді тоқтата тұру ұсынымдар мен шешімдер қисынды уақыт кезеңі ішінде орындалмаған жағдайда жүгінетін уақытша шаралар болып табылады. Алайда, өтемақы да, шегінімдерді немесе басқа міндеттемелерді тоқтата тұру да шараны қамтылған келісімдерге сәйкестікке

келтіру туралы ұсынымды толық көлемде орындауға қарағанда аса абзалырақ болмайды. Өтемақы ерікті болып табылады және берілген кезде қамтылған келісімдерге сәйкес болуы тиіс.

2. Егер осы мәселе қатысты мүше қамтылған келісімге сәйкес емес деп қаралған шараны оған сәйкестікке келтірмесе, немесе 21 баптың 3 тармағына сай белгіленген қисынды уақыт кезеңі ішінде ұсынымдарды және шешімдерді басқалай орындамаса онда мұндай мүше егер бұл туралы өтінетін болса, қисынды уақыт кезеңі аяқталғаннан кешіктірмей өзара қолайлы өтемақыны белгілеу мақсатында дауларды реттеу рәсімдеріне жүгінген кез келген тараппен келіссөздер жүргізуді бастауы тиіс. Егер де қанағаттандыратын өтемақы қисынды уақыт кезеңі аяқталғаннан бастап 20 күн ішінде келісілмесе, дауларды реттеуге жүгінген кез келген тарап ДШО-ның осы қатысты мүшеге ескертпелерді, қамтылған келісімдер бойынша шегінімдерді немесе басқа да міндеттемелерді тоқтата тұруға рұқсат беруін өтіне алады.

3. Сол немесе басқа шегінімдерді немесе сол немесе басқа міндеттемелерді тоқтата тұру туралы мәселені қарай отырып, шағым берген тарап мына қағидаттар мен рәсімдерді қолданады:

(a) шағым берген тарапқа әуелде төрелік топ немесе Апелляциялық орган бұзушылық не болмаса басқа күшін жою немесе пайдаларды қысқарту тапқан секторда (секторларда) шегінімдерді немесе басқа да міндеттемелерді тоқтата тұруға тырысқаны жөн болып табылатын ортақ қағидат;

(b) егер көрсетілген тарап сол секторда (секторларда) шегінімдерді немесе басқа да міндеттемелерді тоқтата тұру мүмкін емес деп есептесе, онда ол сол келісімнің аясында басқа секторлардағы шегінімдерді немесе басқа да міндеттемелерді тоқтата тұруға тырысуы мүмкін;

(c) егер көрсетілген тарап сол секторда (секторларда) шегінімдерді немесе басқа да міндеттемелерді тоқтата тұру мүмкін емес немесе тиімсіз, ал міндеттемелер жеткілікті маңызды деп есептесе, онда ол басқа қамтылған келісімнің аясында шегінімдерді немесе басқа да міндеттемелерді тоқтата тұруға тырысуы мүмкін;

(a) жоғарыда баяндалған қағидаттарды қолдана отырып, көрсетілген тарап мыналарды назарға алады:

(i) төрелік топ немесе Апелляциялық орган бұзушылықты не болмаса да басқа да күшін жоюды не болмаса пайдалардың қысқаруын анықтауына сүйеніп, сектордағы немесе келісім негізіндегі сауда-саттық, сондай-ақ көрсетілген тарап үшін мұндай сауданың маңызы;

(ii) пайдалардың күшін жоюға немесе қысқартуға қатысты аса кең экономикалық деректер және шегінімдерді немесе басқа да міндеттемелерді тоқтата тұрудың аса кең экономикалық салдарлары;

(e) егер көрсетілген тарап (b) немесе (c) тармағына сәйкес шегінімдерді немесе басқа да міндеттемелерді тоқтата тұруға рұқсат беруді өтінуші шешсе, ол өз өтінішінде

мұның себептерін баяндауы тиіс. Бір мезгілде ДШО-ға жолдаумен бірге, сондай-ақ егер өтініш (b) тармағына сәйкес, секторлар бойынша тиісті органдарға берілсе, бұл өтініш тиісті Кеңестерге де жолданады;

(f) осы тармақтың мақсаттары үшін "сектор" мынаны білдіреді:

(i) тауарларға қатысты – барлық тауарларды;

(ii) қызметтерге қатысты – мұндай секторлар анықталатын қолданыстағы "Қызметтер секторларының жіктемелік тізбесінде" анықталған негізгі сектор<sup>14</sup>;

(iii) зияткерлік меншік құқықтары сауда аспектілеріне қатысты II бөлімнің 1, 2, 3, 4, 5, 6 немесе 7 бөлімдерімен қамтылған зияткерлік меншік құқықтарының әрқайсысын немесе ТРИПС бойынша Келісімнің III немесе IV бөлімінде қарастырылған міндеттемелерді;

(g) осы тармақтың мақсаттары үшін "келісім" мынаны білдіреді:

(i) тауарларға қатысты – ДСҰ туралы Келісімнің 1А Қосымшасында тізбеленген және тұтастай қарастырылатын келісімдер, сондай-ақ тиісті дау тараптарының қаншалықты осы келісімдердің тараптары болып табылатынына қарай қатысушылардың шектеулі тобымен сауда келісімдері;

(ii) қызметтерге қатысты - ГАТС;

(iii) зияткерлік меншік құқықтарына қатысты - ТРИПС туралы Келісім.

4. ДШО рұқсат берген шегінімдердің немесе басқа міндеттемелерді тоқтата тұру деңгейі пайдалардың күшін жою немесе қысқарту деңгейіне сәйкес келуі тиіс.

5. ДШО егер қамтылған келісім мұндай тоқтата тұруға тыйым салса, шегінімдерді немесе басқа міндеттемелерді тоқтата тұруға рұқсат етпейді.

6. 2 тармақта сипатталған жағдай туындаған кезде ДШО сұраныс бойынша егер де ДШО келісім негізінде өтінішті қабыл алмау туралы шешім етпесе, қисынды уақыт кезеңі аяқталған күннен бастап 30 күн ішінде шегінімдерді немесе басқа міндеттемелерді қолдануды тоқтата тұруға рұқсат береді. Алайда, егер бұл өзіне қатысты мүше, тоқтата тұрудың болжалды деңгейіне қарсылық білдірсе, немесе 3 тармақта баяндалған қағидаттар мен рәсімдер шағым берген тарап 3(b) немесе (c) тармағына сәйкес шегінімдерді немесе басқа міндеттемелерді тоқтата тұруға рұқсат сұраған кезде сақталмаған деп тұжырымдаса, іс төрелік сотқа өткізіледі. Мұндай төрелік сотты мүшелері бар болған жағдайда төрелік топ немесе Бас директор тағайындаған төреші<sup>15</sup> өткізеді, және қисынды уақыт кезеңі аяқталған күннен бастап 60 күн ішінде аяқталады. Шегінімдер немесе басқа міндеттемелер төрелік сот процесінде тоқтап қалмауы тиіс.

<sup>14</sup>MTN.GNS/W/120 құжатында қамтылған тізбе он бір сектор бөліп көрсетіледі.

<sup>15</sup> "Төреші" термині тұлғаны немесе адамдар тобын білдіреді.

7. 6 тармаққа сәйкес әрекет ететін төреші<sup>16</sup> тоқтатылатын шегінімдердің немесе басқа міндеттемелердің сипатын қарамайды, бірақ мұндай тоқтата тұру деңгейі

пайдалардың күшін жою немесе қысқарту деңгейіне сәйкес келетін-келмейтінін анықтайды. Төреші сондай-ақ қамтылған келісім шегінімдерді немесе басқа міндеттемелерді болжалды тоқтатуға рұқсат беретін-бермейтінін де анықтайды. Алайда , егер төрелік сотқа өткізілген іс 3 тармақта баяндалған қағидаттар мен рәсімдердің сақталмауына шағымды қоса қамтыса, төреші бұл шағымды қарайды. Егер төреші бұл қағидаттар мен рәсімдер сақталмағанын анықтаған жағдайда шағым берген тарап оларды 3 тармаққа сай қолданады. Тараптар төрешінің шешімі түпкілікті деп таниды және бұл өздеріне қатысты тараптар, қайталама төрелік сотқа тырыспауы тиіс. ДШО-ға төрешінің шешімі туралы тез арада хабарланады және сұраныс бойынша егер ДШО келісім негізінде өтіншті қабыл алмау туралы шешім етпесе, өтініш төрешінің шешіміне сәйкес келген жағдайда шегінімдерді немесе басқа міндеттемелерді тоқтата тұруға рұқсат етеді.

8. Шегінімдерді немесе басқа міндеттемелерді тоқтата тұру уақытша сипат алады және ұсынымдарды немесе шешімдерді орындауға тиісті мүше пайдалардың күшін жоюға немесе қысқартуға қатысты шешімдер ұсынбаса немесе өзара қанағаттандыратын шешімге қол жеткізілмесе, қамтылған келісімге сәйкес емес ретінде қарастырылатын шара күшін жойғанға дейін қолданылады. 21 баптың 6 тармағына сәйкес ДШО өтемақы берілген не болмаса шегінімдер немесе басқа міндеттемелер тоқтатылған, бірақ шараны қамтылған келісімдерге сәйкестікке келтіру ұсынымдары орындалмаған жағдайларды қоса алғанда қабылданған ұсынымдардың немесе шешімдердің орындалуын бақылауды жалғастырады.

9. Дауларды реттеуге қатысты қамтылған келісімдердің ережелері өңірлік немесе жергілікті үкіметтер немесе мүшенің аумағындағы билік қабылдаған көрсетілген келісімдерді сақтауға қатысты шараларға қатысты қолдынылуы мүмкін. Егер де ДШО қамтылған келісімнің қандай да бір ережесі сақталмаса, жауап беретін мүше оның сақталуын қамтамасыз ету мақсатында өз қол астында бар қисынды шаралар қолдануы тиіс. Қамтылған келісімдер мен өтемақыға және шегінімдерді немесе басқа міндеттемелерді тоқтата тұруға қатысты осы Уағдаластықтың ережелері мұнай сақтауды қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайларда қолданылады<sup>17</sup>.

## **23-БАП**

### **Көптарапты жүйені нығайту**

1. Егер мүшелер міндеттемелерді бұзған немесе қамтылған келісімдерден туындайтын пайдалардың күші жойылған немесе қысқарған жағдайда немесе қамтылған келісімдердің қандай да мақсатына қол жеткізуде қиындықтар болған жағдайда өтем алуға тырысатын болса, олар осы Уағдаластықтың қағидалары мен рәсімдеріне жүгінеді және оларды қатаң ұстанады.

2. Мүшелер мұндай жағдайларда:

(а) бұзушылық орын алғаны, пайдалар күшін жойғаны немесе қысқартылғаны немесе осы Уағдаластықтың қағидаларына және рәсімдеріне сәйкес дауларды реттеу жолына қарағанда қамтылған келісімдердің қандай да бір мақсатына қол жеткізу қиындағаны туралы шешім қабылдамауы тиіс және ДШО қабылдаған төрелік топтың немесе Апелляциялық органның баяндамасында қамтылған тұжырымдармен немесе осы Уағдаластылыққа сәйкес шығарылған төрелік соттың шешімен сәйкес кез келген осындай шешімді қабылдайды;

(b) осы мәселе қатысты мүшеге ұсынымдар мен шешімдерді орындау мүмкіндігін беру мақсатында қисынды уақыт кезеңін анықтау үшін 21 бапта көзделген рәсімдерді пайдаланады; және (с) шегінімдерді немесе басқа міндеттемелердің деңгейін анықтау және осы мәселе қатысты мүшенің қисынды уақыт кезеңі ішінде ұсынымдар мен шешімдерді орындамауына жауап ретінде қамтылған келісімдер бойынша шегінімдерді немесе басқа міндеттемелерді тоқтата тұрғанға дейін көрсетілген рәсімдерге сәйкес ДШО-ның рұқсатын алу үшін 22 бапта көзделген рәсімдерді пайдаланады.

<sup>16</sup>"Төреші" термині тұлғаны немесе адамдар тобын білдіреді немесе төреші ретінде танылатын бастапқы төрелік топтың мүшелерін білдіреді.

17 Егер өңірлік немесе жергілікті үкіметтер немесе мүшенің аумағындағы билік қабылдаған шараларға қатысты кез келген қамтылған келісімнің ережелері осы тармақтың ережелерінен ерекшеленсе, онда мұндай қамтылған келісімнің ережелерінің басым күші болады.

## **24-БАП**

### **Неғұрлым төмен дамыған мүше елдерге қатысты арнайы рәсімдер**

1. Неғұрлым төмен дамыған мүше елге қатысты даудың себептерін анықтау мен оны реттеудің барлық кезеңдерінде неғұрлым төмен дамыған елдердің нақты жағдайына айрықша көңіл бөлінеді. Бұл тұрғыда мүшелер неғұрлым төмен дамыған елдерге қатысты осы рәсімдерге сәйкес іс қозғауда қажетті ұстамдылық танытуы тиіс. Егер де пайдалардың күшін жою немесе қысқарту неғұрлым төмен дамыған мүше ел қабылдаған шараның салдары болып табылғаны анықталса, шағым берген тараптар осы рәсімдерге сәйкес өтемақы сұрағанда немесе шегінімдер немесе басқа міндеттемелердің қолданылуын тоқтатуға рұқсат беруге қол жеткізгенде тиісті ұстамдылық көрсетеді.

2. Неғұрлым төмен дамыған елге қатысты дауларды реттеу жөніндегі істерде кеңесулер барысында қанағаттанарлық шешім табылмағанда ДШО Бас директоры немесе төрағасы неғұрлым төмен дамыған мүше елдің өтініші бойынша төрелік топты құру туралы өтініш түскенге дейін тараптарға дауды шешуге жәрдемдесу мақсатында

өзінің ізгі қызметтерін, келістіру рәсімін немесе дәнекерлігін ұсынады. Жоғарыда аталған жәрдемді көрсете отырып, ДШО Бас директоры немесе төрағасы кез келгенін лайықты деп есептейтін кез келген дереккөзбен кеңесе алады.

## **25-БАП**

### **Төрелік сот**

1. Дауларды реттеудің баламалы тәсілі ретінде ДСҰ аясындағы жеделдетілген төрелік сот қос тараптың айқын анықтаған мәселелеріне қатысты дауларды реттеуді жеңілдетеді.

2. Егер осы Уағдаластықта өзгеше көзделмесе, төрелік сот оны өткізу рәсімі туралы келісетін тараптардың өзара келісімі бойынша пайдаланылады. Төрелік сот туралы Келісімдер төрелік процестері басталғанға дейін жеткілікті уақытта алдын ала барлық мүшелердің назарына жеткізіледі.

3. Басқа мүшелер төрелік сотты пайдалану туралы келіскен тараптардың келісімімен ғана төрелік сот тараптары бола алады. Рәсімнің тараптары төрелік соттың шешімдерін ұсынуға келіседі. Төрелік соттың шешімдері туралы ДШО мен Кеңеске, немесе мүше осыған байланысты кез келген мәселені көтере алатын тиісті келісім Комитетіне хабарлануы тиіс.

4. Осы Уағдаластықтың 21 және 22 баптары төрелік соттың шешімдеріне *mutatis mutandis* қолданады.

## **26-БАП**

1. ГАТТ 1994 XXIII бабының 1(b) тармағында сипатталған типке қатысты бұзушылықтар болмаған жағдайдағы шағымдар

ГАТТ 1994 XXIII бабының 1(b) тармағының ережелері қамтылған келісімге қолданылғанда төрелік топ немесе Апелляциялық орган егер даудың қандай да бір тарапы тиісті қамтылған келісімнен ол үшін туындайтын тікелей немесе жанама кез келген пайда, күшін жояды немесе қысқартылады, не болмаса осы келісімнің қандай да бір мақсатына қол жеткізу мүшесінің осы келісімнің шарттарына қайшы келетін-келмейтініне қарамастан кез келген шара қолдану нәтижесінде қиындайды. Егер де мұндай тарап есептейтін шамада, ал төрелік топ немесе Апелляциялық орган ГАТТ 1994 XXIII бабының 1(b) тармағы қолданылатын қамтылған келісімнің ережелеріне қайшы келмейтін шараларға қатысты істі анықтайтын болса, мына төмендегілерді сақтаған жағдайда асы Уағдаластықтың рәсімдері қолданылады:

(a) шағым келтіруші тарап тиісті қамтылған келісімге қайшы келмейтін шараға қатысты кез келген шағымды қолдау ретінде толығырақ негіздеме ұсынады;

(b) егер шара пайданың күшін жояды немесе қысқартады, не болмаса тиісті қамтылған келісімді бұзбай, бірақ оның мақсаттарына қол жеткізуді қиындатады деп

белгіленсе, онда бұл шараны жою міндеттемесі туындайды. Алайда бұл жағдайларда төрелік топ немесе Апелляциялық орган бұл мәселе қатысты мүшеге істі өзара қолайлы негізде реттеуді ұсынуы тиіс;

(с) 21 баптың ережелеріне қарамастан 21 баптың 3 тармағында көзделген төрелік сот сол немесе басқа тараптың өтініші бойынша күшін жойған немесе қысқартылған пайдалардың деңгейін анықтау мәселесін қарай алады және сондай-ақ өзара қолайлы реттеуге қол жеткізу жолдары мен тәсілдерін ұсына алады; мұндай ұсыныстар дау тараптары үшін міндетті болып табылмайды;

(d) 22 баптың 1 тармағының ережелеріне қарамастан өтемақы дауды түпкілікті шешетін өзара қолайлы реттеудің бір бөлігі болуы мүмкін.

2. ГАТТ 1994 XXIII бабының 1(с) тармағында сипатталған типке қатысты шағымдар

ГАТТ 1994 XXIII бабының 1(с) бабының ережелері қамтылған келісімге қолданылғанда төрелік топ қандай да бір тарап тиісті қамтылған келісімнен өзі үшін туындайтын қандай да бір тікелей немесе жанама пайда күшін жойды немесе қысқарды, не болмаса бұл келісімнің қандай да бір мақсаттарына қол жеткізу ГАТТ 1994 XXIII бабының 1(а) және 1(б) тармағы қолданылатынға қарағанда басқа жағдайдың болуы нәтижесінде қиындатылды деп есептеген жағдайда, төрелік топ ұсынымдар немесе шешімдер қабылдай алады. Егер де мұндай тарап есептейтін шамада, ал төрелік топ қаралатын іс осы тармақтың қолданысына жататынын анықтаса, осы Уағдаластықтың рәсімдері төрелік топтың баяндамасы мүшелер арасында таратылғанды қоса алған сәтке дейін ғана қолданылады. 1989 жылғы 12 сәуірдегі Шешімде . (BISD 36S/61-67) қамтылған дауларды реттеу қағидалары мен рәсімдері баяндаманы қабылдау мақсатында қарауға ұсынымдар мен шешімдерді және олардың орындалуын бақылауға қолданылады. Сондай-ақ мына ережелер де қолданылады:

(а) шағым берген тарап осы тармақ қамтитын мәселелерге қатысты кез келген уәждердің толығырақ негіздемесін ұсынады;

(b) егер төрелік топ осы тармақпен қамтылатын мәселелерді қамтитын іс осы тармақ қамтитын мәселелерден бөлек дауды реттеудің басқа да мәселелерін қамтитыны анықталса, онда төрелік топ ДШО-ға осы мәселелер бойынша баяндаманы және осы тармақ қамтитын мәселелер бойынша жеке баяндаманы жолдайды.

## **27-БАП**

### **Хатшылықтың функциялары**

1. Хатшылық әсіресе, қарастырылатын істердің құқықтық, тарихи және рәсімдік аспектелері бойынша төрелік топтарға жәрдемдесу және хатшылық және техникалық қолдауы үшін жауап береді.



2. Хатшылық мүшелердің өтініші бойынша дауларды реттеуге қатысты оларға жәрдемдескенде де құқықтық мәселелер бойынша қосымша кеңестер мен мүше – дамушы елдердің дауларын реттеуге қатысты көмек көрсету қажеттігі туындауы мүмкін. Осы мақсатта Хатшылық бұл туралы өтінген мүше – дамушы елдің қарамағына ДСҰ техникалық ынтымақтастық қызметінің құқықтық мәселелер жөніндегі білікті маманын береді. Мұндай маман Хатшылықтың алалаусыз әділдігін қамтамасыз ететін тәсілмен мүше – дамушы елге көмек көрсетеді.

3. Хатшылық мүшелер сарапшыларының осы саладағы хабардарлығын арттыру мақсатында шынайы рәсімдер мәселелері мен дауларды шешу тәжірибесі бойынша мүдделі мүшелерге арналған арнайы оқыту курстарын ұйымдастырады.

## **1 ТОЛЫҚТЫРУ**

### **УАҒДАЛАСТЫҚПЕН ҚАМТЫЛҒАН КЕЛІСІМ**

(А) Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы келісім

(В) Көп жақты сауда келісімдері

ҚОСЫМША 1А: Тауарлармен сауда бойынша көп жақты келісімдер

ҚОСЫМША 1В: Қызметтермен сауда бойынша Бас келісім

ҚОСЫМША 1С: Интеллектуалды меншік құқығының аспектілері бойынша келісім

ҚОСЫМША 2: Даулардың шешілуін реттейтін шаралар және ережелер туралы

#### **Уағдаластық**

(С) Қатысушылардың шектелген шеңберімен сауда келісімдері

ҚОСЫМША 4: Азаматтық әуе техникамен сауда бойынша келісім

Үкіметтік сатып алу бойынша келісім

Сүтті өнімдер бойынша халықаралық келісім

Сйыр еті бойынша халықаралық келісім

Осы Уағдаластықты қатысушылардың шектеулі шеңбері бар сауда келісімдеріне қолдану қатысушылардың ДШО-да қарастырылғандай, ТОЛЫҚТЫРУ 2 енгізу үшін арналған қосымша немесе арнайы ережелер немесе шараларды қоса алғанда, осындай Келісімнің әр қайсысына жеке Уағдаластықты қолдануды бекітетін келісімнің әр шешімін қабылдауға байланысты.

## **2 ТОЛЫҚТЫРУ**

### **ҚАМТЫЛҒАН КЕЛІСІМДЕРДЕГІ АРНАЙЫ НЕМЕСЕ ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ ШАРАЛАР**

Келісім Ережелер және шаралар

Санитарлы және фитосанитарлық

шараларды қолдану бойынша келісім 11.2

Текстильді бұйым және киім бойынша келісім 2.14, 2.21, 4.4, 5.2, 5.4, 5.6, 6.9, 6.10, 6.11, 8.1 ден 8.12 ге дейін

14.2 ден 14.4 ге дейін, Саудада техникалық барьерлер бойынша келісім  
**ҚОСЫМША 2**

17.4 дан 17.7 ге дейін VI ГАТТ 1994 бабын қолдану бойынша келісім

19.3 ден 19.5 ге дейін, VII ГАТТ 1994 бабын қолдану бойынша келісім **ҚОСЫМША**

**II.**

2(f), 3, 9, 21 4.2 ден 4.12, ге дейін 6.6,

Субсидия және өтемақылар бойынша келісімдер 7.2 ден 7.10, ге дейін 8.5

сілтеме 35, 24.4, 27.7, **ҚОСЫМША V**

Қызметтермен сауда бойынша

Бас келісім

XXII:3, XXIII:3

Қаржы қызметтері бойынша **ҚОСЫМША 4**

Әуе тасымалы саласындағы қызметтер бойынша **ҚОСЫМША 4**

1 ден 5 ке дейін ГАТС бойынша дауларды реттеудің

кейбір шаралары туралы шешім

Осы Қосымшада келтірілген ережелер мен шаралардың тізімі, осы мәнмәтіндегі мәселелерге тек ішінара қатысты бола алады.

Әр келісім бойынша құзырлы органдармен анықталғандай, және ол туралы ДШО хабардар етілгендей, қатысушылардың шектеулі шеңбері бар сауда келісімдердегі кез келген арнайы немесе қосымша ережелер немесе шаралар.

### **3 ТОЛЫҚТЫРУ**

#### **ЖҰМЫС ШАРАСЫ**

1. Өзінің жұмысында аралық топ осы Уағдаластықтың тиісті жағдайларына жүгінеді. Және де, келесі жұмыс шарасы қолданылу керек.

2. Аралық топ жабық отырысқа жиналды. Дау тараптары және мүдделі тараптар отырыстарға тек аралық топтың шақырылуымен қатысады.

3. Аралық топта талқылау барысы және ұсынылатын құжаттар құпия болып қалады. Осы Уағдаластықтың ешқандай да жағдайы дау тарапына өзінің жеке позициясын айқындауға бөгет етпейді. Мүшелер аралық топтың басқа мүшесіне берілген ақпаратты құпия деп есептейді. Дау тарапы аралық топқа өзінің арызының құпия нұсқасын берген жағдайда, ол басқа мүшенің өтініші бойынша ақпараттың құпия емес түйіндемесін ұсынады.

4. Аралық топтың бірінші негізгі отырысына дейін, дау тараптарының қатысуымен аралық топқа жазбаша арызды ұсынады.

5. Аралық топтың тараптарының қатысумен бірінші негізгі отырыста ол шағым берген тарапқа өзінің пікірін баяндауға мүмкіндік береді.

6. ДШО-ны олардың дау туралы мүддесін хабардар еткен барлық үшінші тараптар өзінің пікірін жазбаша түрде баяндауға шақырылады. Осындай үшінші тараптардың барлығы осы отырысқа қатыса алады.

7. Ресми жоққа шығару екінші негізгі отырыс барысында ұсынылады. Шағым қарсы берген тарап бірінші болып сөйлеуге құқылы, одан кейін шағым берген тарап сөйлейді. Тараптар аралық сотқа ұсынылады.

8. Аралық топ кез келген уақытта тараптарға сұрақ қоя алады және тараптардың қатысуымен жазбаша түрде түсіндірме беруді өтіне алады.

9. Дау тараптары және 10 бапқа сәйкес пікірін айқындау үшін шақырылған кез келген үшінші тарап аралық топқа олардың ауызша баяндамаларын береді.

10. Бапта 5 тен 9 тармаққа дейін көрсетілген толық транспаренттік, жоққа шығару, арыз барысында, тараптардың қатысуымен жасалады. Және де, әр тараптың жазбаша ұсынымдары басқа тараптың назарына ұсынылады .

11. Нақты аралық топтар үшін қажетті кез келген қосымша шаралары.

12. Аралық топтың ұсынылатын кестесі:

(a) Тараптардың бірінші жазбаша арыздарын алу:

1) Шағымды берген тарап: 3 - 6 апта

2) Соған қарсы шағым берілген тарап: 2 - 3 апта

(b) Үшінші тараптардың қатысуымен бірінші негізгі отырыстың күні, уақыты және орыны:

Үшінші тараптардың қатысуымен отырыстар: \_\_\_\_\_ 1-2 апта

(c) Тараптардың жазбаша мәлімдемесі: 2 - 3 апта

(d) Тараптардың қатысуымен екінші негізгі отырыстың күні, уақыты және орыны: \_\_\_\_\_ 1-2 апта

(e) Баяндаманың сипаттама бөлімінің тараптарына беру: 2 - 4 апта

(f) Тараптардан баяндаманың сипаттама бөлімі бойынша ескертулер алу: \_\_\_\_\_ 2 апта

(g) Тұжырым және қорытындыны қоса алғанда, алдын ала баяндаманың тараптарына беру: \_\_\_\_\_ 2-4 апта

(h) Тараптар баяндаманың бір немесе бірнеше бөлімдерін қайта қарау туралы сұрауы мүмкін шекті мерзім: \_\_\_\_\_ 1 апта

(i) Аралық топты қайта қарау кезеңі, тараптардың қатысуымен мүмкін қосымша отырыстарды қоса алғанда: \_\_\_\_\_ 2 апта

(j) Дау тараптарына нақты баяндаманы беру: 2 апта

(k) Мүшелерге нақты баяндаманы жіберу: 3 апта

Аталған кесте күтпеген жағдайларда өзгеруі мүмкін. Қажет жағдайда, тараптардың қатысуымен қосымша отырыстарды шақырады.

## 4 ТОЛЫҚТЫРУ

### САРАПШЫЛАРДЫҢ САБАҒАТТЫҚ ТОПТАРЫ

Төмендегі ережелер мен шаралар 13 баптың 2 бабының жағдайларына сәйкес құрылатын сарапшылардың сабағаттық топтарына қолданылады.

1. Сарапшылардың сабағаттық топтары аралық топтарға бағынады. Олардың жұмысының уәкілетті және егжейлі шаралары, олар баяндаманы мәлімдейтін аралық топпен орнатылады.

2. Сарапшылардың сабағаттық топтарына қатысу жоғары біліктілік сапасы және қарастырылатын салада тәжірибесі бар тұлғалармен шектеледі.

3. Даудың тараптары, аралық топ мамандандырылған ғылыми сараптамада мұқтаждықтары басқаша қанағаттандырыла алмайды деп есептеген ерекше жағдайды қоспағанда, даудың тараптарының ортақ келісімі болмаған жағдайда сарапшылардың сабағаттық топтарына қосылмайды. Даудың үкіметтік лауазымды тұлғалары сарапшылардың сабағаттық тобына кіре алмайды. Сабағаттық сарапшылар тобының мүшелері қандай да бір ұйым немесе үкіметтің өкілі ретінде емес, жеке сапада өзінің функцияларын орындайды. Сәйкесінше, үкімет немесе ұйымдар сарапшылардың сабағаттық тобымен қарастырылатын сұрақтарға қатысты нұсқаулықтар бермеуі тиісі.

4. Сарапшылардың сабағаттық топтары, өздері лайықты деп табатын кез келген көздермен кеңесуі, және олардан техникалық кеңестерді және ақпараттарды сұрауы мүмкін. Сарапшылардың сабағаттық тобы мұндай ақпаратты немесе мүшенің қарауындағы кеңестен қайнар көзді сұрағанға дейін, ол сол мүшенің үкіметін хабардар етеді. Әр мүше тез арада, сарапшылардың сабағаттық тобы қажетті және тиісті деп есептейтін ақпарат туралы сарапшылардың сабағаттық тобына тез және жан-жақты жауап береді.

5. Даудың тараптары, егер де ол құпия болып табылмаса, сарапшылардың сабағатты тобына ұсынылған, іске қатысты барлық ақпаратқа рұқсаты бар. Сабағатты тобына ұсынылған құпия ақпарат, сол ақпаратты ұсынған үкіметтің, ұйымның немесе тұлғаның ресми рұқсатынсыз ашылмайды. Егер де, мұндай ақпарат сарапшылардың сабағатты тобынан сұранатын болса, бірақ бұл ақпаратты ашуға рұқсат етілмесе, ақпаратты ұсынған үкімет, ұйым немесе тұлға мұндай ақпараттың құпия емес түйіндемесін береді.

6. Сарапшылардың сабағаттық тобы даудың тараптарына, олардан ескертулер алу мақсатында баяндаманың жобасын ұсынады, және қажет жағдайда аралық топта ұсынумен дау тараптарына бір уақытта үлестірілетін нақты баяндамада үлестіру. Сарапшылардың сабағаттық тобының нақты баяндамасы тек кеңестік сипатта.

